

**ЖШС "Гүл-Гүл" бөбекжай бақшасы
№1 хаттама
педагогикалық кеңес**

29 тамыз 2025 жыл

Қатысқандар саны: 10 педагог

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы, тәрбие – оқыту процесінің бағытын ұйымдастыру»

Мақсаты: МЖМБС талаптарына сай тәрбиеленушілерге толыққанды білім мен тәрбие беру.

Күн тәртібі:

1. Педагогикалық кеңес құрамын қайта бекіту, хатшы сайлау. (Меңгеруші С.Арынова)
2. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы (Әдіскер – Ж.Ділдәбек)
3. Балабақша жұмысының жаңа оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекітуге ұсыну (Әдіскер – Ж.Ділдәбек)
4. 2025-2026 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстыру (Меңгеруші С.Арынова)
5. «Адал азамат - кәсіби маман» бағдарламасын балабақшада қолдану (Әдіскер – А.Жолдасбекова)
6. Ағымдағы мәселелер

I ТЫНДАЛДЫ: Педагогикалық кеңес құрамын қайта бекіту, хатшы сайлау.

СӨЙЛЕДІ: балабақша меңгерушісі С.Арынова педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтап, жаңа оқу жылы шығармашыл, табысты болсын деп, педагогикалық кеңес төрағасына меңгеруші С.Арынова, құрамы тәрбиеші-педагогтар, хатшы тәрбиеші А.Султанова сайлауды ұсынды.

Қаулы етті: Педагогикалық кеңес құрамы мен хатшысы бірауыздан мақұлданып сайлансын.

II ТЫНДАЛДЫ: Жазғы сауықтыру кезеңдегі жұмыстарды қорытындылау.

СӨЙЛЕДІ: әдіскер Ж.Ділдәбек жаз мезгілінде балабақшаның сауықтыру іс-шаралары жоспар бойынша медбике С.Эгембердиева жетекшілігімен сауықтыру шаралары уақытылы өткізіліп, әдіскер тарапынан басшылыққа алынды. Тәрбиешілер таңертеңгі қабылдауды учаскелерде ұйымдастырып, таңғы жаттығуды есік алдында жүргізді. Айына бір рет медбике ата-аналарға жаз мезгілінде болатын жұқпалы аурулар және олардың алдын-алу туралы кеңестер берді. Тәрбиешілер әр аптаның бесінші күні балалармен апталық тақырыпты қорытындылау есебінде тақырыпқа сай ойын-сауықтар өткізді. Барлық өткізілген жұмыстар тәрбиеленушілердің денсаулығын қорғау, денсаулық мәдениеті негізі арқылы келесі тапсырмалардың шешімін табуға мақсатқа жетуге бағытталды, - деді.

Қаулы етті: Жазғы сауықтыру шараларының орындалуы қанағаттанарлық.

ІІІ ТЫҢДАЛДЫ: Бөбекжай бақшасы жұмысының жаңа оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.

СӨЙЛЕДІ: балабақша меңгерушісі С.Арынова жылдық жоспармен таныстырып, ондағы алдағы атқарылатын шаралармен қысқаша таныстырып өтті. Жылдық жоспардың мақсаты балаларды табиғатқа жауапкершілікпен және қамқорлықпен қарауға баулу, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, қазақ тілін меңгеруге ынталандыру, балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жауапкершілікті іске асыруда ата-аналарға көмек көрсету арқылы оларды педагогикалық процеске белсенді қатысушылар ретінде тарту.

Оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары мектепке дейінгі ұйымның маңызды актісі болып табылады. Ол «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Жылдық жұмыс жоспарында қызмет бағыттары бойынша негізгі міндеттер айқындалады. Міндеттер әрбір мектепке дейінгі ұйым үшін басты болып табылады және өткен жылғы жұмысты талдау негізінде анықталады, оның барысында жұмыстағы проблемалық сәттер айқындалады, - деп жылдық міндеттерді шешуге бағытталған іс шараларға тоқталып өтті.

Қаулы етті: Балабақшаның жылдық жоспары бекітілсін.

ІV ТЫҢДАЛДЫ: 2025-2026 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстыру

СӨЙЛЕДІ: бөбекжай меңгерушісі С.Арынова әдістемелік нұсқау хат 2025-2026 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда меншік түрлері мен нысанына, ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына, әдіскерлері мен педагогтеріне әдістемелік көмек көрсетуге арналған. Бүгінгі күні елімізде балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеумен және оқытумен қамтумен бірге мектепке дейінгі ұйымдар ұсынатын қызметтің сапасын арттыру үшін кешенді шаралар қабылдануда. Әдістемелік нұсқау хатта:

- тәрбиелеу-білім беру процесін реттейтін негізгі нормативтік құжаттарды қолдану (сілтемелер);
- тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру;
- балаларға қазақ тілін үйрету;
- вариативтік білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру;
- экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру;
- мерекелік шараларды ұйымдастыру;
- ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің жұмысын ұйымдастыру бойынша ұсынымдар қамтылған.

Мектеп жасына дейінгі балаларда **құқықтық сауаттылықты қалыптастыру** Үлгілік бағдарламаның мазмұнында қарастырылған. Үлгілік бағдарламаның мазмұны тәрбиеленушілерді оң әлеуметтендіруге, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, отбасы, қоғам және мемлекет дәстүрлеріне баулуға, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда әрбір балаға қолайлы, әрі қауіпсіз орта құру басты назарда болуы тиіс, - делінген. 2025-2026 оқу

жылының негізгі ерекшеліктері жаңа оқу жылында Қазақстан Республикасының заңнамасына, Мемлекет басшысының және Үкіметтің тапсырмаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған жаңартылған тұжырымдамасының негізгі ережелеріне 1 (бұдан әрі – Тұжырымдама), білім беру саласының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің өзекті бағыттарына тоқталып өтті.

Қаулы етті: Әдістемелік нұсқаулық хатты
жұмыс барысында қолдану.

V ТЫҢДАЛДЫ: «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын» бөбекжай бақшада қолдану

СӨЙЛЕДІ: Бөбекжай меңгерушісі С.Арынова сөз алып, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын кеңінен түсіндіріп өтті. Қазақстан болашағы – білімді де тәрбиелі ұрпақ. Осы мақсатта ҚР Оқу-ағарту министрлігі «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын қабылдады. Бағдарлама балабақшадан бастап мектеп пен колледжге дейінгі білім беру ұйымдарында жүйелі тәрбие жұмысын жүргізуге бағытталған. Оның басты мақсаты – жас ұрпаққа ұлттық құндылықтарды дарытып, патриоттық рухты қалыптастыру, әділдік пен еңбекке баулу.

Бағдарламаның негізгі бағыттары

Бағдарлама тәрбиенің үштағанына сүйенеді:

Ұлттық бірегейлікті сақтау,

Қоғамға қызмет ету,

Экологиялық мәдениетті қалыптастыру.

Осы құндылықтар негізінде тәрбие жұмысы төмендегі бағыттармен жүргізіледі:

- Тәуелсіздік пен отаншылдық;
- Бірлік пен ынтымақ;
- Әділдік пен жауапкершілік;
- Заң мен тәртіп;
- Еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік;
- Жасампаздық пен жаңашылдық.

Айлық тәрбие тақырыптары

Бағдарламада әр ай белгілі бір құндылыққа арналады. Бұл жүйе балабақшада іс-шараларды жоспарлы түрде ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

- Қыркүйек – еңбекқорлық айы;
- Қазан – тәуелсіздік айы;
- Қараша – әділдік айы;
- Желтоқсан – бірлік айы;
- Басқа айларда да тақырыпқа сай іс-шаралар ұйымдастырылады.

Арнайы жобалар мен іс-шаралар

Бағдарлама аясында балалардың белсенділігін арттыратын және әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыратын жобалар енгізілген:

«Қамқор» – мейірімділік пен жанашырлыққа баулу;

«Шабыт» – шығармашылық пен өнерді дамыту;

«Еңбегі адал – жас өрен» – еңбекқорлыққа тәрбиелеу;
«Үшқыр ой алаңы» – ойлау қабілетін шыңдау;
«Smart Bala» – цифрлық сауаттылық пен инновацияға бағыттау.
Бағдарламаның маңызы

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы – ұрпақ тәрбиесін балабақшадан бастап жүйелеуге арналған кешенді құжат. Ол жас буынды әділ, еңбекқор, отансүйгіш, жауапкершілігі жоғары тұлға етіп қалыптастыруға ықпал етеді. Мұндай қадам елдің рухани жаңғыруына, ұлттық бірегейлікті сақтауға және бәсекеге қабілетті азамат тәрбиелеуге бағытталған.

Қазақстанның әрбір балабақшасында жүзеге асатын «Адал азамат» бағдарламасы – ел болашағына салынған инвестиция. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу арқылы қоғамда әділдік пен бірлікті, еңбексүйгіштік пен жаңашылдықты орнықтыру – басты міндет.

Қаулы етті: «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын»
балабақша жұмысында қолдануды басшылыққа алу.

VI ТЫҢДАЛДЫ: Ағымдағы мәселелер

СӨЙЛЕДІ бөбекжай меңгерушісі С.Арынова ағымдық құжаттарды бекітуге тоқталып өтті. Педагогтардың өзіндік білім жетілдіру тақырыптарын қарау, өзіндік білім жетілдіру тақырыптары бойынша жобалар дайындау, әр түрлі деңгейдегі байқауларға, семинарларға қатысу қажеттілігін айтты. 2024-2025 оқу жылында 2 педагог біліктілікті арттыру курсынан өтті, 2 педагог педагог-модератор санатын алғанын айтты.

Бөбекжай бақшада ауқымды жұмыстардың бірі әдістемелік жұмыс екенін, оны дұрыс ұйымдастыру, дер кезінде педагогтарға әдістемелік көмек көрсетілуі керек екенін айта келіп, әдістемелік кеңес төрайымы әдіскер С.Арынова, хатшысы Ж.Ділдәбек ұсынды.

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. Бөбекжай бақшаның жылдық жұмыс жоспары мен педагогикалық кеңес құрамы бекітілсін.
2. Мамандардың ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі, күн тәртібі және тәрбиешілер мен мамандардың перспективалық жоспары, циклограммалары бекітілсін және әдістемелік нұсқаулық хатты басшылыққа алып жұмыс жүргізілсін.
3. «Адал азамат біртұтас тәрбие» бағдарламасын балабақша жұмысына енгізілсін.

Педкеңес төрайымы



С.Арынова

Педкеңес хатшысы



Ж.Ділдәбек

ЖШС "Гүл-Гүл" бөбекжай бақшасы"

№2 хаттама

педагогикалық кеңес

28 қараша 2025 жыл

Қатысқандар саны: 7 педагог

Тақырыбы: «Бөбекжай бақшада ұлттық құндылықтар мен ойындарды насихаттаудың маңызы»

Мақсаты: Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие-білім беру үдерісіне ұлттық құндылықтарды тиімді енгізу жолдарын талдау. Балалардың табиғатқа жанашырлығын, экологиялық мәдениетін қалыптастыруда экологиялық ойындарды қолданудың әдістемесін жетілдіру.

Күн тәртібі:

1. №1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы - меңгеруші С.Арынова
2. «Қазіргі білім беру кеңістігінде балабақша мен мектептің сабақтастығы бойынша жұмысты ұйымдастыру» тәрбиеші Ж.Ділдәбек
3. «Балабақшада ұлттық құндылықтар мен ойындарды насихаттаудың маңызы» - тәрбиеші Г.Базарбекова
4. «Ұлттық құндылықтарды қалыптастыру бағытындағы балабақшадағы іс-әрекеттер» тақырыбы бойынша тақырыптық бақылаудың қорытындысы
5. Ағымдағы мәселелер - меңгеруші С.Арынова

І ТЫҢДАЛДЫ: №1 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы

СӨЙЛЕДІ: бөбекжай меңгерушісі сөз алды. Өткен №1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдер негізінде тоқсан қорытындысы бойынша орындалу барысы төмендегідей:

Мамандардың ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі, күн тәртібі, перспективалық жоспарлар және циклограммаларына тоқталатын болсам, барлық топтар мен мамандардың ұйымдастырылған іс-әрекет кестелері, күн тәртіптері, перспективалық жоспарлары және циклограммалары бекітіліп, оқу-тәрбие үдерісінде қолданылып келеді. Оқу жылының әдістемелік бағытына сәйкес әдістемелік нұсқаулық хат талаптары жұмысты жоспарлауда басшылыққа алынған. Тексеру қорытындысы бойынша құжаттар талапқа сай рәсімделген, жүйелі түрде орындалуда.

«Адал азамат» бағдарламасы балабақшада тәрбие жұмысына енгізілді. Тәрбиешілер бағдарлама бағыттары бойынша балалармен адалдық, жауапкершілік, еңбекқорлық, мейірім, ұлттық құндылықтарға құрмет тақырыптарында жүйелі жұмыстар жүргізуде. Айлық жоспарларға сәйкес тәрбие сағаттары, ойын-әдістемелік жаттығулар, ата-аналармен жұмыс формалары енгізілді. Бағдарлама талаптарының орындалуы меңгеруші, әдіскер бақылауға алынған.

Қаулы етті: Өткен педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы қанағаттанарлық.

ІІ ТЫҢДАЛДЫ: «Қазіргі білім беру кеңістігінде бөбекжай бақшасы мен мектептің сабақтастығы бойынша жұмысты ұйымдастыру»

СӨЙЛЕДІ: тәрбиеші Г.Нұрмахан сөз алды.

Қазіргі білім беру жүйесінде баланың тұлғалық даму жолы мектепке дейінгі ұйымнан бастау алып, бастауыш мектепте жалғасын табады. Сондықтан білім беру ұйымдары арасындағы сабақтастық – баланың бейімделуін жеңілдетіп, оқу іс-әрекетіне деген қызығушылықтың сақталуын қамтамасыз ететін маңызды бағыт. Сабақтастық – екі білім беру сатысының мақсат-міндеттерінің үйлесімді байланысы мен ортақ мазмұнды жүйелі түрде жүзеге асыру үдерісі. Балабақша мен бастауыш мектеп арасындағы сабақтастықтың маңызы баланың мектепке психологиялық, физиологиялық және әлеуметтік тұрғыдан дайын болуын қамтамасыз етеді. Тұлғалық дамудың үздіксіздігін қалыптастырады. Оқу мотивациясының төмендеуіне жол бермейді. Тәрбие мен оқытудағы әдістемелік үйлесімділікті арттырады. Мектепке келген баланың бейімделу кезеңін жеңілдетеді дей келе сабақтастықты ұйымдастырудағы негізгі бағыттарға тоқталып өтті.

Сабақтастық – білім берудің үздіксіздігінің негізгі кепілі. Балабақша мен мектеп арасындағы байланыс неғұрлым жүйелі ұйымдастырылса, баланың бастауыш мектепке бейімделу деңгейі соғұрлым жоғары болады. Сондықтан педагогтар, психологтар, ата-аналар және әкімшілік бірлесе жұмыс істегенде ғана тиімді нәтиже береді-деді.

Қаулы етті:бөбекжай бақшасы мен мектептің сабақтастығы бойынша жұмысты жандандыру.

ІІІ ТЫҢДАЛДЫ: «Бөбекжай бақшада ұлттық құндылықтар мен экологиялық ойындарды насихаттаудың маңызы»

СӨЙЛЕДІ: бақша әдіскері Ж.Ділдәбек сөз алды. Қазіргі заманда ұлттың рухани болмысын сақтап, ел болашағын тәрбиелеуде ұлттық құндылықтарды бастауыш емес, дәл мектепке дейінгі кезеңнен қалыптастыру – басты міндеттердің бірі. Сонымен қатар, экологиялық мәдениет пен табиғатқа жауапкершілікпен қарау бала бойында ерте жастан қалыптасса, ол өмірлік әдетке айналады. Сондықтан балабақшада ұлттық тәрбие мен экологиялық ойындарды тиімді қолдану – бүгінгі білім беру кеңістігінің өзекті бағыты. Ұлттық құндылықтар дегеніміз – халқымыздың ғасырлар бойы жинақталған мәдени мұрасы, салт-дәстүрлері, өнері мен әдет-ғұрыптары. Әңгімелесу және әдеби шығармалар оқу: балабақшада ұлттық тақырыпта әңгімелер мен ертегілер оқу арқылы балаларға қазақ халқының дәстүрлері мен мәдениеті таныстырылады. Балаларға салт-дәстүрлерді, ұлттық ойындарды, мақал-мәтелдерді таныстыру – олардың адамгершілік нормаларын меңгеруіне ықпал етеді.

Бақшада ұлттық құндылықтарды насихаттау мен экологиялық ойындарды жүйелі қолдану – болашақ ұрпақтың рухани, адамгершілік, экологиялық мәдениетін қалыптастырудың тиімді жолы. Ұлттық тәрбие мен экологиялық білім өзара үйлескенде ғана жан-жақты дамыған тұлға тәрбиелеуге мүмкіндік туады, - деді.

Қаулы етті:Бөбекжай бақшада ұлттық құндылықтар мен экологиялық ойындарды жандандыру.

IV ТЫҢДАЛДЫ: «Экологиялық құндылықтарды қалыптастыру бағытындағы балабақшадағы іс-әрекеттер» тақырыбы бойынша тақырыптық бақылаудың қорытындысы

СӨЙЛЕДІ: балабақша әдіскері Ж.Ділдәбек сөз алды. Балабақшада балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру жұмыстарының жүйелілігін, әдіс-тәсілдерінің тиімділігін, оқу іс-әрекеті мен тәрбие процесіндегі экологиялық бағыттың орындалу сапасын анықтау мақсатында тақырыптық бақылау өтті. Бақылау нәтижесінде, барлық топтарда экологиялық білім берудің жоспарлары жасалған, күнделікті жұмыстар жүйелі жүргізілген. Балалар табиғатқа қамқор болу, өсімдіктерді суару, коқысты дұрыс тастау жөнінде жақсы түсінік алған. Кемшіліктер де баршылық, кейбір топтарда экологиялық тәжірибелер жеткіліксіз жүргізіледі. Бұрыштарды маусымдық материалдармен толықтыру, визуалды ақпараттарды жаңарту қажет, - деді.

Қаулы етті: Экологиялық ойындардың тізімін кеңейту және оларды күнделікті қолдану.

V ТЫҢДАЛДЫ: Ағымдағы мәселелер

СӨЙЛЕДІ: балабақша меңгерушісі С.Арынова сөз алды. Ұйымдастырылған іс-әрекеттердің сапасын арттыру, жас ерекшелігіне сай әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану. Балалардың белсенділігін арттыру үшін ойын технологияларын күшейту. Құжаттаманың уақытылы және дұрыс жүргізу, циклограмманы күнделікті дұрыс толтырылу, мониторинг және бақылау карталарының уақтылы рәсімдеу. Балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын нығайту, серуен алаңының қауіпсіздігін тексеру, санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуы қадағалау керек. Ұлттық құндылықтар мен экологиялық бағыттағы жұмыстарды жүйелеу барысында ұлттық тәрбие бағытындағы іс-шараларды жандандыру және экологиялық ойындар мен тәжірибелерді тұрақты өткізу қажет. Балалардың жеке даму көрсеткіштерін уақтылы талдау және ҰБДҚ уақытылы толтырылуын қадағалаңыздар. Арнайы назар қажет ететін балалармен жеке жұмыс жүргізілсін. Сонымен бірге, мектептің бастауыш сынып мұғалімдерімен байланыс ортана отырып, дайындық топтағы балалардың даярлық деңгейін талдау жүргізілсін.

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. Бөбекжай бақшасы мен мектептің сабақтастығын қамтамасыз ету жұмыстары жүйелендірілсін.
2. Бақшада ұлттық құндылықтарды насихаттау жұмыстары күшейтілсін.
3. Экологиялық ойындарды қолдану арқылы балалардың экологиялық мәдениетін дамыту жұмыстары жүйелі жүргізілсін.
4. Экологиялық құндылықтарды қалыптастыру бағытындағы іс-әрекеттердің тиімділігі бақылауға алынсын.

Педкеңес төрайымы

Педкеңес хатшысы




С.Арынова

Ж.Ділдәбек

ЖШС "Гүл-Гүл" бөбекжай бақшасы"

№3 хаттама

педагогикалық кеңес

21 қаңтар 2026 жыл

Қатысқандар саны: 10 педагог

Тақырыбы: «Бақшада ұлттық құндылықтар мен ойындарды насихаттаудың маңызы»

Мақсаты: Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие-білім беру үдерісіне ұлттық құндылықтарды тиімді енгізу жолдарын талдау.

Күн тәртібі:

1. №2 педкеңестің шешімдерінің орындалуы меңгеруші С.Арынова
2. «Тәрбиеленушілердің әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру арқылы еңбекқорлыққа баулу» Тәрбиеші-А.Султанова
3. «Ата-аналармен еңбек тәрбиесі бойынша жұмыс формалары мен әдістері» Тәрбиеші-Г.Базарбекова
4. «Жас ерекшеліктері бойынша баланың ауру – сырқау нәтижесі»
5. Ағымдағы мәселелер. Медбике: С.Эгембердиева

І ТЫНДАЛДЫ: №2 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы

СӨЙЛЕДІ: бөбекжай меңгерушісі С.Арынова сөз алды. Өткен №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдер негізінде балабақша мен бастауыш сынып мұғалімдері арасында өзара байланыс нығайтып, бірлескен жұмыс жоспары жасалып, бекітілді. Мектепалды топ тәрбиеленушілерінің мектепке дайындығы бойынша диагностикалық жұмыстар жүргізілді. Педагогтар арасындағы әдістемелік алмасу күшейді. Алайда, кемшіліктер де болды. Кейбір топтарда сабақтастық бойынша құжаттардың уақытылы толтырылмауы байқалды. Бірлескен іс-шаралар саны жылдық жоспарға сәйкес болғанымен, мазмұндық жағынан әртараптандыруды қажет етеді. Осыған орай бірлескен зертханалық сабақтар, жобалық жұмыстарды енгізу, диагностикалық көрсеткіштерді салыстырмалы талдау жүргізу қажеттілігі туралы ұсыныс берілді.

Ұлттық құндылықтарды насихаттау бойынша топтарда ұлттық бұрыштар жаңартылды, дәстүрлерге қатысты көрнекіліктер толықтырылды. Ұлттық ойындар, салт-дәстүр элементтері оқу қызметтеріне енгізілді. Алайда, кейбір тәрбиешілерде ұлттық педагогика материалдарын қолдануда әдістемелік шектеулер байқалды. Ұлттық құндылықтарды күнделікті бағытта қолдану толық жүйеленбеген.

Экологиялық ойындар мен экологиялық тәрбие бағытындағы экологиялық бұрыштар толықтырылды, бақылау жұмыстарын жүргізуге жағдай жасалды.

Педагогтардың әдістемелік жұмысы барысында ашық сабақтар, семинарлар, шеберлік сағаттары өткізілді. Жаңашыл әдістерді енгізу бойынша педагогтардың белсенділігі артты. Кейбір педагогтардың құжаттаманы

толтыруда кателері кездеседі. Инновациялық технологияларды қолдануда тәжірибесі жеткіліксіз педагогтар да бар.

Педагогикалық кеңестің шешімдері негізінен толық орындалған. Оқу-тәрбие үдерісінде сабақтастық, ұлттық тәрбие, экологиялық бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жүзеге асып келеді. Сонымен қатар, педагогтардың әдістемелік дайындығын арттыру, құжаттаманы жетілдіру, экологиялық және ұлттық мазмұнды күнделікті іс-әрекетке тұрақты енгізу бағытында жұмыс жалғастыруды қажет етеді.

Қаулы етті: Өткен педагогикалық кеңес шешімі бойынша жұмысты бақылауды күшейту.

II ТЫНДАЛДЫ: «Тәрбиеленушілердің әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру арқылы еңбекқорлық баулу»

СӨЙЛЕДІ: тәрбиеші А.Султанова сөз алды. Қазіргі заман талабы — жан-жақты дамыған, еңбексүйгіш, қоғамға пайдалы азамат тәрбиелеу. Бұл міндеттің бастамасы мектепке дейінгі ұйымдардан бастау алады. Балабақша кезеңінде балалардың еңбек дағдыларын қалыптастыру, еңбектің маңызын түсіндіру және әртүрлі мамандықтармен таныстыру олардың мінез-құлқының, қызығушылықтарының, құндылықтық бағдарларының дұрыс қалыптасуына әсер етеді. Еңбекке баулу тек қана жұмыс орындату емес, ол — баланың жеке тұлғалық дамуы, табандылығы мен жауапкершілігін тәрбиелеу үдерісі, деп мамандықтар әлемімен таныстырудың тәрбиелік маңызына тоқталып өтті. Сонымен бірге, А. Султанова балаларға әртүрлі мамандықтарды таныстыру арқылы олардың еңбекке деген қызығушылығы оялатынын, адамдардың қоғамдағы орны мен еңбегін түсінетінін, үлкендерге құрмет, жауапкершілік, ынта сияқты адами қасиеттері қалыптасатынын айтты. Педагогтың баламен тіл табысуы, еңбек әрекетін ойынға айналдыра білуі — жетістіктің негізгі факторы. Мектеп жасына дейінгі кезеңде балаларды әртүрлі мамандықтармен таныстыру — олардың болашақ кәсіби бағдарын қалыптастырудың алғашқы қадамы. Ал еңбекке баулу - олардың тұлғалық дамуының, адамгершілігінің, мінез-құлқының маңызды бөлігі. Еңбекқор, жауапты, еңбек адамын құрметтейтін бала - болашақта қоғамға пайдалы азамат болып қалыптасады. Сондықтан педагогтар мен ата-аналар біріге отырып, балаларды еңбекке қызықтырудың заманауи, шығармашылық тәсілдерін қолдануы – уақыт талабы-деді.

Қаулы етті: Еңбекқорлыққа тәрбиелеу жұмыстары күшейтілсін.

III ТЫНДАЛДЫ: «Ата-аналармен еңбек тәрбиесі бойынша жұмыс формалары мен әдістері»

СӨЙЛЕДІ: Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші Г.Базарбекова сөз алды. А.Долходжаева мектеп жасына дейінгі кезең – еңбекке баулудың бастау алатын ең маңызды сатысы екенін, бұл кезеңде баланың еңбек туралы алғашқы түсінігі қалыптасып, еңбекке деген қызығушылығы, жауапкершілігі мен ынтасы дамитынын айтты. Баланың бойына еңбекқорлық қасиетті қалыптастыруда тек педагог қана емес, ата-ана да негізгі рөл атқарады. Сондықтан еңбек тәрбиесі бойынша балабақша мен отбасы арасындағы өзара әрекет, бірлескен жұмыс ерекше маңызға ие. Ата-аналармен жүргізілетін

жүйелі жұмыс – тәрбиенің нәтижелілігін арттырудың басты шарты деп еңбек тәрбиесінде ата-анамен жұмыстың маңыздылығын атап өтті. Ата-аналар еңбек тәрбиесіне қатысқанда бала еңбекке еліктейді, еңбек әрекеті күнделікті әдетке айналады, отбасындағы еңбек дәстүрлері қалыптасады, баланың дербестігі артады, тәрбиеші мен ата-ана арасындағы ынтымақтастық нығаяды, - деді. Сонымен бірге, отбасы – баланың алғашқы еңбек мектебі. Сондықтан педагогтың міндеті – ата-аналарға бағыт беру, қолдау көрсету және еңбек тәрбиесін іске асыруда серіктестік орнату қажеттілігі маңызды екенін айтып, ата-аналармен жұмыс формаларын атап өтті.

Қаулы етті: Ата-аналармен жұмысты жандандыру.

IV ТЫҢДАЛДЫ: Бөбекжай бақшадағы балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты ауру-сырқау нәтижелерінің талдауы

СӨЙЛЕДІ: балабақша медбикесі С.Эгембердиева сөз алды. Қазіргі күнде ЖРВИ және тұмау ауруларының өршіп тұрған уақытында баланы ЖРВИ мен тұмаудан қорғау үшін ата-аналар келесі ұсыныстарды орындауы керек:

- баланың суық тию белгілері бар адамдармен байланысын шектеу, адамдар көп жиналатын жерлерге бармау;
- баланы қолын үнемі және мұқият жууға үйрету (оның ішінде тамақтанар алдында, көшеден оралғаннан кейін, қоғамдық орындарға барғаннан кейін, жалпыға ортақ пайдаланылатын заттарды қолдану және т. б.), таңертеңгі гимнастика мен салқын сумен сүрту, дене шынықтырумен айналысу;
- баланың тоңуына жол бермей, таза ауада күнделікті серуендеуді ұйымдастыру;
- баланы ауа-райына қарай дұрыс киіндіру;
- бала орналасқан үй-жайларды үнемі желдету және ылғалды тазалау;
- баланың диетасына А, С және Е дәрумендеріне бай тағамдарды енгізу, баланың тамақтануы теңдестірілген және тиімді болуы керек екенін есте ұстаған жөн. Тамақтануы бұзылған балалардың ауырып қалуы әлдеқайда оңай. Дене салмағының жетіспеушілігі немесе артық салмағы бар баланың денесі метаболизм процестерін қалыпқа келтіруге тым көп күш жұмсайды, осыған байланысты патогендермен кездескенде толық иммундық жауап қалыптастыра алмайды;
- баланың, әсіресе көше мен қоғамдық көліктен кейін, мұрын қуысын жуыңыз.

Алдын алудың ең тиімді әдісі - вакцинация, эпидемиялық маусым басталғанға дейін өзіңізге және балаңызға тұмауға қарсы вакцина алыңыз!

Жоғарыда аталған алдын алу шараларын сақтау баланы ЖРВИ және тұмау ауруларынан, сондай-ақ олардың қолайсыз салдарларынан қорғайды. Сонымен қатар, ата-аналардың жоғарыда аталған ұсыныстарды орындауы балалар үшін жақсы үлгі болады!

Ата-аналар, аурудың алғашқы белгілерінде (дене температурасының 37,5 - 38°C дейін көтерілуі, жалпы әлсіздік, тәбеттің төмендеуі немесе болмауы, мұрынның бітелуі, мұрынның ағуы, жөтел және т. б.) баланың ұйымдасқан ұжымға (мектепке дейінгі балалар ұйымдары, мектептер, қосымша білім беру ұйымдары (секциялар, үйірмелер және т.б.) баруын болдырмау қажет екенін ұмытпай және дереу дәрігер көмегіне жүгінулері керек. Топтарда ата-аналарға

бұл туралы әр күні таңертең, кешкі балаларды алып кететін уақыттарында ескеріп айтылып отырылады.

Талдау нәтижесінде мектепке дейінгі ұйымдағы барлық жас топтарында жиі кездесетін негізгі сырқат түрі – тыныс алу жолдарының вирустық инфекциялары болып отыр.

Балалардың жас ерекшелігіне қарай ерте және кіші топта – жоғары аурушаңдық, ортаңғы топта – біршама тұрақтану, ересек және мектепалды топтарда – функционалдық ауытқулар мен травматизмнің өсуі байқалды, - деді.

Қаулы етті: Балалардың ауруының алдын алу жұмыстарын күшейту.

V ТЫНДАЛДЫ: Ағымдағы мәселелер

СӨЙЛЕДІ: Бөбекжай меңгерушісі С.Арынова сөз алды. Балалардың қатысуы мен ауру-сырқат жағдайын әр күні талдау және топтар бойынша күнделікті мониторинг жүргізу, аурушаңдығы жоғары топтармен профилактикалық жұмыстарды күшейту қажет. Серуен барысындағы еңбек әрекеттерінің дұрыс ұйымдастырылуын қадағалау. Тәрбиешілердің қауіпсіздік ережелерін сақтауын және еңбек құралдарын дұрыс пайдалануын бақылауға алу. Еңбек тәрбиесіне байланысты ақпараттық бұрыштарды жаңарту, тренингтер мен кеңестер өткізу. Территория, топ бөлмелері, ойын алаңдарының санитарлық жағдайын бақылау. Топтардағы еңбек құралдарын, ойын материалдарын, көрнекіліктерді жаңарту қажеттілігін анықтау.

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. Еңбек тәрбиесінің бағыттары бойынша оқу-тәрбие жұмыстарын жүйелеу.
2. Мамандықтар туралы түсінік қалыптастыру арқылы балалардың еңбекке қызығушылығын арттыру жұмысы жандансын.
3. Ата-аналармен еңбек тәрбиесі бойынша жұмыстың түрлері мен әдістері күшейтілсін.
4. Медбике тарапынан балалардың денсаулық жағдайы, ауру-сырқау динамикасы тұрақты бақылауда ұсталып, талдау нәтижелері педагогтарға таныстырылып отырсын. Әр жас ерекшелік тобы бойынша аурушаңдық көрсеткіштері мен алдын алу шаралары ұсынылсын.

Педкеңес төрайымы

Педкеңес хатшысы



С.Арынова

А.Долходжаева

ЖШС "Гүл-Гүл" бөбекжай бақшасы"
№4 хаттама
педагогикалық кеңес

17 наурыз 2026 жыл

Қатысқандар саны: 9 педагог

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудағы инновациялық әдістер»

Мақсаты: Балалардың табиғатқа жанашырлығын, экологиялық мәдениетін қалыптастыруда экологиялық ойындарды қолданудың әдістемесін жетілдіру.

Күн тәртібі:

1. №3 педкеңестің шешімдерінің орындалуы меңгеруші С.Арынова
2. «Қимылды ойындар арқылы балалардың экологиялық мәдениетін дамыту» Тәрбиеші-А.Смагулова
3. «Отбасымен бірлесе ұйымдастырылған экологиялық мәдениетін дамыту» Тәрбиеші: А.Есімхан
4. «Табиғат аясында экологиялық мәдениетті қалыптастырудағы педагог көшбасшылығы» Н.Әйтбенбетова

I ТЫНДАЛДЫ: №3 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы

СӨЙЛЕДІ: Бөбекжай бақшасы меңгерушісі С.Арынова өткен педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалу барысына тоқталып өтті. Еңбек тәрбиесінің бағыттары бойынша оқу-тәрбие жұмыстарын жүйелі жүргізіп жатқанын, балалардың мамандықтар бойынша еңбекке қызығушылығын арттыру мақсатында ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері өткізілгендігін айтып өтті. Медбике тарапынан балалардың денсаулық жағдайы, ауру-сырқау динамикасы тұрақты бақылауда ұсталып, әр жас ерекшелік тобы бойынша аурушандық көрсеткіштері мен алдын алу шаралары ұсынылды.

II ТЫНДАЛДЫ: Қимылды ойындар арқылы балалардың экологиялық мәдениетін дамыту

СӨЙЛЕДІ: тәрбиеші А.Смагулова

Қазіргі таңда экологиялық тәрбие беру – қоғам алдындағы маңызды міндеттердің бірі. Табиғатты қорғау, қоршаған ортаға жанашырлықпен қарау қасиеттері баланың бойында ерте жастан қалыптасуы қажет. Мектепке дейінгі және бастауыш жастағы балалар табиғатты ойын арқылы тез қабылдайды. Сондықтан қимылды ойындар балалардың экологиялық мәдениетін дамытудың тиімді тәсілі болып саналады.

Қимылды ойындар балалардың денсаулығын нығайтып қана қоймай, олардың табиғат туралы түсінігін кеңейтеді. Ойын барысында бала өзін табиғаттың бір бөлшегі ретінде сезінеді. Мысалы, «Құстар мен ұялар», «Көбелектер», «Ағашты қорғайық» сияқты ойындар арқылы балалар жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігімен танысады. Олар табиғатты қорғау қажеттігін түсініп, қоршаған ортаға қамқорлық жасауды үйренеді.

Экологиялық мазмұндағы қимылды ойындар баланың ойлау қабілетін, байқампаздығын және жауапкершілігін арттырады. Табиғат аясында өткізілген ойындар балаларға ерекше әсер береді. Таза ауада ойнаған бала табиғаттың әсемдігін көріп, оны аялауға деген қызығушылығы оянады. Сонымен қатар ұжымдық ойындар арқылы балалар бір-біріне көмектесуді, ортақ ережені сақтауды үйренеді. Бұл – экологиялық мәдениеттің маңызды бөлігі.

Тәрбиеші мен ата-ананың рөлі де өте маңызды. Үлкендер балаларға табиғатты қорғаудың үлгісін көрсетуі керек. Егер бала айналасындағы адамдардың табиғатқа ұқыпты қарайтынын көрсе, ол да сондай әрекет жасауға тырысады. Сондықтан қимылды ойындарды серуен кезінде, табиғат аясында және күнделікті тәрбие жұмыстарында жиі қолдану қажет.

Қорытындылай келе, қимылды ойындар – балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудың тиімді құралы. Ойын арқылы бала табиғатты танып, оны қорғауға үйренеді. Болашақта табиғатты сүйетін, экологиялық сауатты ұрпақ тәрбиелеу үшін осындай тәрбиелік маңызы бар ойындарды кеңінен пайдалану қажет.

Қаулы етті: маңызы бар қимылды ойындарды кеңінен қолдану күшейтілсін

III ТЫҢДАЛДЫ: «Отбасымен бірлесе ұйымдастырылған экологиялық мәдениетін дамыту»

СӨЙЛЕДІ: тәрбиеші А.Есімхан

Экологиялық мәдениет – табиғатты қорғауға, қоршаған ортаны таза ұстауға және табиғат байлығын тиімді пайдалануға тәрбиелейтін маңызды ұғым. Бүгінгі таңда экологиялық тәрбие тек мектеп пен балабақшада ғана емес, ең алдымен отбасында қалыптасады. Себебі бала ата-анасының іс-әрекетіне қарап өседі. Сондықтан отбасымен бірге ұйымдастырылған жұмыстар баланың экологиялық мәдениетін дамытуда ерекше орын алады.

Отбасы мүшелері табиғатты қорғауға байланысты қарапайым істерді бірге атқарса, балада қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік артады. Мысалы, сенбілікке қатысу, ағаш отырғызу, гүл күту, құстарға жем беру, қоқысты арнайы орынға тастау сияқты әрекеттер балаға үлкен тәрбие береді. Осындай жұмыстар арқылы бала табиғатты аялауды үйренеді.

Экологиялық мәдениет отбасынан басталады. Отбасымен бірге ұйымдастырылған экологиялық шаралар балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырып, жауапкершілікке тәрбиелейді. Табиғатты қорғау – әр адамның міндеті. Болашақ ұрпаққа таза әрі көркем табиғат қалдыру үшін әр отбасы экологиялық мәдениетті дамытуға үлес қосуы керек.

Қаулы етті: Балаларды табиғатты қорғауға байланысты іс шаралар ұйымдастырлсын

III ТЫҢДАЛДЫ: «Табиғат аясында экологиялық мәдениетті қалыптастырудағы педагог көшбасшылығы»

СӨЙЛЕДІ: тәрбиеші: Н.Әйтбенбетова

Қазіргі таңда экологиялық мәселелер бүкіл әлем үшін маңызды тақырыптардың біріне айналды. Табиғатты қорғау, қоршаған ортаға

жанашырлықпен карау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру – әр адамның міндеті. Осы бағытта жас ұрпаққа дұрыс тәрбие беру ісінде педагогтің рөлі ерекше. Әсіресе табиғат аясында ұйымдастырылатын жұмыстар арқылы балалардың экологиялық мәдениетін дамытуда педагог көшбасшылығы маңызды орын алады.

Педагог көшбасшылығы – білім алушыларға бағыт-бағдар беріп, оларды жақсы істерге ынталандыра білу. Табиғат аясындағы сабақтар мен іс-шараларда мұғалім балаларға тек білім беріп қана қоймай, табиғатты аялаудың үлгісін көрсетеді. Егер педагог табиғатты сүйіп, оны қорғауға жауапкершілікпен қараса, балалар да сол қасиетті бойына сіңіреді.

Табиғат аясында өткізілетін серуендер, бақылау жұмыстары, ағаш отырғызу, гүл күту, аула тазалау сияқты жұмыстар оқушылардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырады. Осындай іс-шараларды ұйымдастыруда педагогтің белсенділігі мен көшбасшылық қабілеті ерекше байқалады. Мұғалім балаларды ортақ мақсатқа жұмылдырып, бірлесіп еңбек етуге тәрбиелейді. Бұл балалардың жауапкершілік сезімін қалыптастырады.

Сонымен қатар, педагогтің шығармашылығы да маңызды. Түрлі экологиялық ойындар, сайыстар, тәжірибелер мен танымдық тапсырмалар арқылы балалардың қызығушылығын арттыруға болады. Қызықты ұйымдастырылған жұмыстар балалардың табиғатты қорғауға деген ынтасын күшейтеді.

Табиғат аясында экологиялық мәдениетті қалыптастыруда педагог көшбасшылығының маңызы зор. Көшбасшы педагог балаларға экологиялық тәрбие беріп қана қоймай, табиғатты қорғаудың үлгісін көрсетеді. Болашақ ұрпақтың табиғатқа жанашыр, жауапты азамат болып өсуі – педагогтің кәсіби шеберлігі мен тәрбиесіне байланысты екендігін айтып өтті.

Қаулы етті: табиғат аясында өтетін серуендер күшейтілсін

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. Экологиялық мәдениетті қалыптастыру бойынша оқу-тәрбие жұмыстарын жүйелеу.
2. Экологиялық тәрбие бойынша отбасымен бірлесе ұйымдастырылған іс-шаралар өткізу.

Педкеңес төрайымы

Педкеңес хатшысы



С.Арынова

А.Долходжаева

**ЖШС "Гүл-Гүл" бөбекжай бакшасы
№5 хаттама
педагогикалық кеңес**

11 мамыр 2026 жыл

Қатысқандар саны: 10 педагог

Тақырыбы: «2025-2026 оқу жылындағы оқу тәрбие жұмысының жағдайын анықтау, келесі оқу жылының мақсат-міндетін айқындау»

Мақсаты: Балалардың табиғатқа жанашырлығын, экологиялық мәдениетін қалыптастыруда экологиялық ойындарды қолданудың әдістемесін жетілдіру.

Күн тәртібі:

1. №4 педкеңестің шешімдерінің орындалуы меңгеруші С.Арынова
2. «Балалардың бағдарламалық материалды меңгеруі, өткен оқу жылының есебі»
3. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын қамтамасыз ету»
4. «Жазғы сауықтыру жұмысының жоспарымен таныстыру, бекіту»
5. Ағымдағы мәселелер.

I ТЫҢДАЛДЫ: №4 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы

СӨЙЛЕДІ: балабақша меңгерушісі С.Арынова өткен педагогикалық кеңес шешімінің орындалу барысына тоқталды. Өткен педагогикалық шешім қанағаттанарлық деңгейді орындалды. Педагогтер іс-әрекет тәсілдерін, мақсатқа жету жолдарын игеруге бағытталған қажетті мотивацияны құру арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың бастамаларын қолдауды жүзеге асырады.

Қаулы етті: Өткен педагогикалық кеңес отырысы шешімінің орындалуы қанағаттанарлық.

II ТЫҢДАЛДЫ: «Балалардың бағдарламалық материалды меңгеруі, өткен оқу жылының есебі»

СӨЙЛЕДІ: әдіскер А.Долходжаева сөз алды. Оқу жылының соңында тәрбиешілер бағдарламалық технологиялық кешенге сәйкес мектепке дейінгі білім берудің бейімделген білім беру бағдарламасының мазмұнын игерудің жоспарланған нәтижелеріне балалардың қол жеткізуіне мониторинг жүргізді. Мектепке дейінгі білім беруде сапалы қызметті қамтамасыз етуде мектепке дейінгі жастағы балалардың біліктері мен дағдыларын дамытудың маңызы зор. Индикаторлар – білім беру салалары бойынша баланың жасына сәйкес күтілетін нәтижелерге жету көрсеткіштері. Күтілетін нәтижелер баланың әр жас топтарына сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сүйеніп жасалынды. Баланың күтілетін нәтижелерге жетуі педагогтың баланың дамуын үнемі бақылауы диагностика арқылы іске асырылды. Мониторинг баланың біліктері мен дағдыларының даму динамикасын оның түзетуді қажет ететін ерекшеліктерін ашуға, өзара әрекет ету тәсілдерін өзгертуге, педагог тарапынан қамқорлық пен көңіл бөлуді

ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған, жүйелі бақылау ретінде қарастырылды. Мониторинг баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасын анықтауға, педагогтың алдағы іс-әрекетін жоспарлауға, мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік берді. Оқу жылының басында тәрбиеленушілерден бастапқы диагностика алынды. Балалар қызметінің барлық түрлері бойынша мектепке дейінгі балалардың дамуын талдау топта бағдарламалық материалдың орындалғанын көрсетті. Қорытынды мониторинг нәтижесі бойынша жоғары деңгей 10%-ға өскен, орта деңгей 6,5%-ға, төмен деңгей 5,8%-ға төмендеген.

Қаулы етті: қорытынды даму мониторингтің деңгейі қанағаттанарлық.

III ТЫНДАЛДЫ: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын қамтамасыз ету

СӨЙЛЕДІ: тәрбиеші А.Есімхан Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту – баланың жан-жақты дамуының алғашқы әрі маңызды кезеңі. Осы кезеңде баланың ойлау қабілеті, тіл байлығы, мінез-құлқы, қоршаған ортаға көзқарасы қалыптасады. Сондықтан мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру сапасын қамтамасыз ету – қоғам алдындағы маңызды міндеттердің бірі. Сапалы білім берудің тағы бір маңызды шарты – қауіпсіз әрі қолайлы орта құру. Балабақшадағы тазалық, санитарлық талаптардың сақталуы, ойын және оқу құралдарының жеткілікті болуы балалардың денсаулығы мен дамуына оң әсер етеді. Баланың өзін еркін сезінуі оның белсенділігі мен қызығушылығын арттырады.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру саласында инновациялық технологияларды қолдану маңызды болып отыр. Ойын арқылы оқыту, шығармашылық тапсырмалар, цифрлық ресурстар балалардың танымдық қызығушылығын арттырып, білімді жеңіл меңгеруге көмектеседі.

Қорытындылай келе, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын қамтамасыз ету – болашақ ұрпақтың сапалы білім алуына негіз болады. Сапалы тәрбие алған бала болашақта білімді, мәдениетті әрі елінің дамуына үлес қосатын азамат болып қалыптасады.

Қаулы етті: Бөбекжай бақшада тәрбиелеу мен оқыту сапасын арттыру бойынша жаңа оқу жылына жүйелі жұмыстар ұйымдастырылсын.

IV ТЫНДАЛДЫ: Жазғы сауықтыру жұмысының жоспарымен таныстыру, бекіту.

СӨЙЛЕДІ: Бөбекжай бақшасы әдіскері А.Долходжаева жазғы-сауықтыру кезеңіне жоспар құрылды, ауланы көгалдандыру (жас көшеттер, гүл бақша отырғызу, құмды ауыстыру, көлеңкелі бастырманы және жер телімдегі кішігірім жөндеу жұмыстары, оларды сырлау, ағаштар мен бұтақтарды кесу) бойынша ұжымның іс-әрекеті басталып, дайындық жұмыстары жүргізілуде.

Тәрбиешілер өз тобындағы балалардың белсенді қимылдарын жоспарлап, күн тәртібіне сәйкес жұмыстарды ұйымдастырып, ата-аналарға арналған кенестер әзірлейді, балалармен жұмыс жасау үшін материалдар, көрнекіліктер таңдайды, ал тәрбиешінің көмекшісі тәрбиешімен бірге жаз мезгіліндегі іс-

шараларды тиімді ұйымдастырып, өткізу үшін көмектеседі, ауыз сумен қамтамасыз етеді, шынықтыруға, ауланы тазалауға, ойыншықтарды жууға арналған құрал-жабдықтарды даярлайды. Медициналық қызметкер жарақаттанудың алдын-алу жұмыстарын жоспарлайды, балалардың өмірін қорғау мен сақтау жұмыстарын жүргізеді, аурудың алдын алады, алғашқы көмек көрсетуге арналған дәрі қорапшасын әзірлейді, балалардың дене дамуын ескере отырып шынықтырудың кешенін құрады, емдеу-профилактикалық шараларды жоспарлайды. Балалардың дене тәрбиесі мен тамақтану, шынығу жұмыстарына бақылау жасап, күн тәртібін бекітеді, сол бойынша жұмыс жасайды, жазғы сауықтыру жұмысымен таныстырып, бөбекжайдың жазғы сауықтыру-шараларының жоспарын бекітуге ұсынды.

Қаулы етті: Жазғы сауықтыру жұмысының жоспары бекітілсін.

VI ТЫНДАЛДЫ: Ағымдағы мәселелер

СӨЙЛЕДІ: меңгеруші С.Арынова алдағы айларда жүргізілетін жұмыстарға тоқталып өтті. Жаз мезгілінде 6 топ жұмыс жасайтынын, мектепке кететін балаларды 1 маусымнан бастап ата-аналар өтініші негізінде балабақшадан шығарылатынын, жазғы сауықтыру жұмыстарын жоспарға сай жүргізу туралы айтып өтті.

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. 2025-2026 оқу жылының әдістемелік жұмысы қанағаттанарлық.
2. Жазғы сауықтыру шаралары жоспары бекітіліп, жоспарға сай жұмыстар жүргізілсін.

Педкеңес төрайымы

Педкеңес хатшысы



С.Арынова

А.Долходжаева

